

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 сәуірдегі N 472 қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 қазан N 1212. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.01. N 143 қаулысымен. ~P000143

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ауыл шаруашылығы министрлігінде Мал дәрігерлігі комитетін құру туралы" 1996 жылғы 19 сәуірдегі N 472 қаулысына мынадай өзгерту енгізілсін:

I-тармақтағы "осы министрліктің орталық аппаратына белгіленген адам саны мен қаражат шегінде" деген сөздер "оның ішінде "Қазақстан Республикасының жекелеген министрліктері мен ведомстволарының есеп-қаржы қызметін орталықтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 тамыздағы N 1000 қаулысына сәйкес 13 бірлік Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының адам саны қысқарту есебінен және 7 бірлік-министрліктер мен ведомстволар орталық аппаратының адам санын қысқарту есебінен" деген сөздермен алмастырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі